

## **Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 5 қарашадағы N 1495

Қазақстан Республикасының шетел несиелер берушілері алдындағы міндеттемелерін орындау, дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### **1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:**

1996 жылғы 11 наурыздағы N 0000012, 1996 жылғы 10 шілдедегі N 0000013 және 1993 жылғы 4 мамырдағы N 26-14/110 берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктеріне сәйкес шетел банктерінің шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы төлемдерді (1-қосымша) және мерзімі өткен төлемдерді (2-қосымша), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының өзгеруін есепке ала отырып 1997 жылға арналған республикалық бюджетте "Өтеу шегерілген несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражат шегінде төлейтін болсын;

заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібін бұзушылық фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына, соттарға берсін.

### **2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі**

алынған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 5 қарашадағы

№ 1495 қаулысына

1 қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар  
мемлекеттік емес сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі  
алдағы төлемдердің

СОМАСЫ

-----  
Заемшы !Төлем ! Төлем ! Оның ішінде  
ұйым !валютасы! сомасы !-----  
! ! !негізгі борыш!проценттер!басқалары  
-----

Чех несие  
желісі

"Конденсат" АҚ АҚШ 1909222,23 1666666,67 242555,56 -  
доллары

Израиль  
несие желісі

"Конденсат" АҚ -"- 346458,55 - 341771,05 4687,50

-----  
БАРЛЫҒЫ АҚШ 2255680,78 1666666,67 584326,61 4687,50  
доллары  
-----

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 5 қарашадағы  
№ 1495 қаулысына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар  
мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша мерзімі  
өткен төлемдердің

## СОМАСЫ

-----  
 Заемшы ұйым ! Төлем ! Төлем ! Оның ішінде  
 ! валютасы! сомасы !-----  
 ! ! ! негізгі борыш! проценттер! басқалары  
 -----

Түрік несие  
 желісі

"Ақ-Жол" ЖШС АҚШ	257501,21	255745,18	-	1756,03
доллары				
"Ақ-Жол" ЖШС _"	854542,10	848714,55	-	5827,55
"Ынтымақ" РСУ -"	1722105,50	1674466,07	-	47639,43
"Медеу-Эмсаш -" -Алатау" БК	752603,08	115187,68	622809,21	14606,19
"Медеу-Эмсаш -" -Алатау" БК	229011,93	77992,83	146574,54	4444,56
"Легпром" АҚ -"	964606,44	-	931683,75	32922,69
"Мақсат" АҚ -"	7022,30	-	6881,06	141,24
"Игілік" АҚ -"	969446,11	857245,50	96028,32	16172,29
"Байланыс-" Құрылысшы" АҚ	401931,35	349916,67	51239,45	775,23
"Байланыс-" Құрылысшы" АҚ	83876,75	-	83876,75	-

-----  
 Жиыны АҚШ 6242646,77 4179268,48 1939093,08 124285,21  
 доллары  
 -----

Жаңа кестеге сәйкес мерзімі өткен берешек

"Медеу-Эмсаш -" -Алатау" БК	1530677,08	1500000,00	-	30677,08
--------------------------------	------------	------------	---	----------

-----  
 Жиыны АҚШ 1530677,08 1500000,00 - 30677,08  
 доллары  
 -----

Барлығы АҚШ 7773323,85 5679268,48 1939093,08 154962,29  
 доллары

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК